**"Халықтың нысаналы топтарына профилактикалық медициналық тексеру жүргізу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2009 жылғы 10 қарашадағы № 685 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2012 жылғы 26 желтоқсандағы № 887 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 21 қаңтарда № 8283 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 15 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-264/2020 бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 15.12.2020 № ҚР ДСМ-264/2020 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2009 жыл 18 қыркүйектегі кодексінің 155-бабына сәйкес және Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 29 карашадағы № 1113 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2011-2015 жылдарға арналған "Саламатты Қазақстан" мемлекеттік бағдарламасын іске асыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН**:

1. "Халықтың нысаналы топтарына профилактикалық медициналық тексеру жүргізу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2009 жылғы 10 қарашадағы № 685 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5918 тіркелген, Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және басқа да орталық мемлекеттік органдары актілерінің жинағында жарияланған, 2010 жыл, № 3) мынадай

өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Халықтың нысаналы топтарына профилактикалық медициналық тексеру жүргізу ережесінде:

2-қосымша осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

3-қосымшада:

6-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) 25, 30, 35, 40, 42, 44, 46, 48, 50, 52, 54, 56, 58, 60, 62, 64 жастағы ерлер мен әйелдер нысаналы топ болып табылады, 40-тан 64 жасқа дейінгілер – артериялық

гипертония, жүректің ишемиялық ауруы және қант диабеті бойынша диспансерлік есепте тұрмайтындар – 2 жылда 1 рет;".

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық көмекті ұйымдастыру департаменті (А.Ғ. Төлеғалиева) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Заң қызметі департаменті (Ж.Ж. Данаева) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын өзім бақылаймын.

5. Осы бұйрық оны ресми алғашқы жариялаған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау Министрінің
міндетін атқарушы Е. Байжүнісов

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрінің
міндетін атқарушының
2012 жылғы 26 желтоқсандағы
№ 887 бұйрығына
қосымша
Халықтың нысаналы
топтарын профилактикалық
медициналық тексеру
жүргізу ережесіне
2-қосымша

## Ересектердің нысаналы топтарын скринингтік тексерулер жүргізудің кезеңділігі

| Терапевт/жалпы практика дәрігері (айғақтары бойынша) | Акушер/гинеколог* (айғақтары бойынша) | Электрокардиограмма (айғақтары бойынша) | Холестериннің деңгейі, қанның триглицериді | Қандағы қанттың деңгейі | Жатыр мойнын цитологиялық зерттеу (Рар-тест), айғақтары бойынша – кольпоскопия және биопсия * | Көзішілік қысымды өлшеу | Жасырын қан анализі үшін нәжіс (гемокульт-тест), айғақтары бойынша – ректосигмоскопия | Маммо *|
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 |
| | | | | | | | | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 25 жас | | | | | | | | |
| + | | + | + | + | | | | |
| 30 жас | | | | | | | | |
| + | + | + | + | + | + | | | |
| 35 жас | | | | | | | | |
| + | | + | + | + | + | | | |
| 40 жас | | | | | | | | |
| + | + | + | + | + | + | + | | |
| 42 жас | | | | | | | | |
| + | | + | + | + | | + | | |
| 44 жас | | | | | | | | |
| + | | + | + | + | | + | | |
| 45 жас | | | | | | | | |
| | + | | | | + | | | |
| 46 жас | | | | | | | | |
| + | | + | + | + | | + | | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 |
| 48 жас | | | | | | | | |
| + | | + | + | + | | + | | |
| 50 жас | | | | | | | | |
| + | + | + | + | + | + | + | + | + |
| 52 жас | | | | | | | | |
| + | | + | + | + | | + | + | + |
| 54 жас | | | | | | | | |
| + | | + | + | + | | + | + | + |
| 55 жас | | | | | | | | |
| | + | | | | + | | + | |
| 56 жас | | | | | | | | |
| + | | + | + | + | | + | + | + |
| 58 жас | | | | | | | | |
| + | | + | + | + | | + | + | + |
| 60 жас | | | | | | | | |
| + | + | + | + | + | + | + | + | + |
| 62 жас | | | | | | | | |
| + | | + | + | + | | + | + | |
| 64 жас | | | | | | | | |
| + | | + | + | + | | + | + | |
| 66 жас | | | | | | | | |
| | | | | | | + | + | |
| 68 жас | | | | | | | | |
| | | | | | | + | + | |
| 70 жас | | | | | | | | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | + | + | |

* тексерулер мен зерттеулер тек әйелдерге жүргізіледі

Кестеге ескертпе:

Ересектерді бейінді мамандардың тексеруі, қосымша диагностикалық зерттеулер (зертханалық және аспаптық) айғақтары бойынша, бастапқы медициналық-санитариялық көмек ұйымдары дәрігерінің жолдамасы бойынша жүргізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК